




табылады, мысалы, кумолды крекингтегенде:



**Көміртек-көміртек байланысын үзу реакциясы (крекинг реакциясы).** Крекинг реакциясының ең сипатты түрі болып табылатын β-ережесі бойынша ыдырау: ең әлсіз байланыс β-C-C бойынша карбений иондарының ыдырауы.



Түзілетін олефиндер бірінші көміртек атомында қос байланысын құрайды және газдық фазаға өтеді; катализатор бетінде алғашқыдан гөрі көміртек атомының саны аздау карбений ионы қалады. Крекинг мүмкін болатын екі карбений ионының ең тұрақтысын түзу арқылы жүреді:



Түзілген карбений ионы өте тұрақты конфигурацияға изомерленеді немесе десорбцияланады, не қайта крекингтелінеді. Бұл - эндотермиялық реакция. Ыдырауға икемділігі біріншілікті ионнан екіншілікте және екіншіліктен үшіншіліктегі өткенде төмендейді. Карбений иондарын изомерлеу (экзотермиялық реакция) және ыдырау